

Қазақ экономика,
қаржы және
халықаралық сауда
университетінің

ЖАРҒЫСЫ

2009 жылдан бастап шығарылады



№2
2019

ВЕСТНИК

Казанского университета
экономики, финансов
и международной
торговли

издается с 2009 года

Главный редактор:

С.А. Абдыманов,
ректор КазУЭФМТ, академик МАН ВШ,
д.пед.н., профессор математики

Заместитель главного редактора:

А.Н. Токсанова,
д.э.н., профессор кафедры «Экономика»

Редакционная коллегия:

А. Агапова	Ph.D, профессор Флоридского Атлантического университета, США, г. Бока-Ратон
Л. Васа	Ph.D, профессор института международного сотрудничества и торговли, Венгрия
Т.В. Шталь	д.э.н., профессор, декан факультета «МЭО» Харьковского национального экономического университета им. Семена Кузнецца
Т.В. Воронина	д.э.н., профессор, завкафедрой «МЭиМО» Южного федерального университета (ЮФУ), РФ, г. Ростов на Дону
А.А. Бексултанов	д.э.н., профессор, декан инженерно-экономического факультета Кыргызского государственного технического университета им. И. Раззакова (Кыргызстан, Бишкек)
Е. Әмірбекұлы	д.э.н., профессор, ректор Таразского государственного педагогического университета (Казахстан, г. Тараз)
З.К. Жаныбаева	к.э.н., проректор по академической деятельности и науке
Б.Т. Аймурзина	д.э.н., профессор, декан факультета «Бизнеса», КазУЭФМТ
М.К. Алиев	д.э.н., профессор, завкафедрой «Учет и аудит», КазУЭФМТ
М.Ж. Каменова	д.э.н., профессор, завкафедрой «Менеджмент», КазУЭФМТ
Д.М. Турекулова	д.э.н., профессор кафедры «Менеджмент», КазУЭФМТ
А.Х. Галиева	д.э.н., профессор, кафедры «Экономика», КазУЭФМТ
Г.С. Укубасова	ответственный редактор, Ph.D, к.э.н., профессор, Ученый секретарь, КазУЭФМТ
Р.Д. Берназарова	технический секретарь, главный специалист отдела организации НИР, КазУЭФМТ

Свидетельство о регистрации №15459-Ж (вторичное) от 07.07. 2015 г.
Выдано Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан
Комитет связи, информатизации и информации

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ТУРИЗМ / ЭКОНОМИКА И ТУРИЗМ

<i>Әмірбекұлы Е.</i> Инновациялық дамудың жағымды экономикалық ортасы.....	3
<i>Егембердиева С.М., Ғабдолқарім А.Қ., Сланбекова Б.М.</i> Қазақстанда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының қызмет ету мәселелері.....	10
<i>Токсанова А.Н., Тасбулатова Д.С.</i> Стимулирование деятельности предприятий обрабатывающей промышленности в Республике Казахстан.....	16
<i>Укубасова Г.С., Мухамеджанова А.А.</i> Инновационная активность предприятия как фактор развития предпринимательства.....	24
<i>Galiyeva A.Kh., Zhusupov E.A.</i> Digital economy as major factor of development of agriculture of the Republic of Kazakhstan.....	33

МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ / МЕНЕДЖМЕНТ И МАРКЕТИНГ

<i>Petrova M., Turekulova D.M., Zhumanova B.K.</i> Transport and logistics infrastructure: composition and features of the formation.....	37
<i>Каменова М.Ж., Тұрсымбаева М.Ж.</i> Сүт және сүт өнімдері нарығының сыйымдылығын кеңейтудің кейбір мәселелері.....	48
<i>Дарибаева А.К.</i> Маркетингте интернетті пайдаланудың заманауи мүмкіндіктері.....	54
<i>Досмагамбетова Г.И.</i> Реформирование местного самоуправления в современном Казахстане.....	60

ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП / ФИНАНСЫ И УЧЕТ

<i>Бексултанов А.А.</i> Государственный финансово-бюджетный контроль в Кыргызской Республике.....	67
<i>Рубенкова Н.Б.</i> Налогообложение товаров, перемещаемых через таможенную границу ЕАЭС: практика, проблемы, решения.....	74
<i>Aliyev M.K., Aitkhozhina A.E.</i> Problems of organizing accounting and expenditures in construction.....	79

*Е. Әмірбекұлы, э.ғ.д, профессор**Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры***ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҒЫМДЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТАСЫ**

Мақалада индустриалды-инновациялық инфрақұрылымды дамыту мақсатында жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру мәселелері зерттелген. Мұндай жағымды экономикалық ортаның құраушылары ретінде экономикалық қолдауларды заңдық-құқықтық қамтамасыз ету, инновациялық үрдіске қатысушыларға бірдей жағдай жасау, мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығын орнату, өндіріс пен ғылымның байланысын ынталандыру, салық жеңілдіктерін беру, венчурлық бизнесті қолдау және дамыту ұсынылған.

Жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру алуантүрлі, әрсалалы технологиялық парктердің пайда болуына; жан-жақты инновациялық қызмет көрсететін технологиялық бизнес-инкубаторлардың ашылуына; жеке сипаттағы, мемлекеттік емес инновациялық қорлардың көбеюіне алып келетіні негізделген.

JEL O31, O32, O38

Кілт сөздер: инновация, инновациялық қызмет, индустриалды-инновациялық инфрақұрылым, технологиялық парктер, бизнес-инкубаторлар.

Ключевые слова: инновации, инновационная деятельность, индустриально-инновационная инфраструктура, технологические парки, бизнес-инкубаторы.

Keywords: innovation, innovation activity, industrial and innovative infrastructure, technology parks, business-incubators.

Қазіргі таңда мемлекеттің сапалық дамуы жетілген инновациялық ортаның болуына және сол ортаның тиімділігін қамтамасыз етуші экономикалық механизмнің қалыптасуына мүдделі.

Инновациялық орта деп ғылыми білімдер мен техниканың жетістіктерін өндіріске енгізіп, одан табыс табу мақсатында кәсіпкерлер мен түрлі ұйымдардың, жеке тұлғалардың әрекет етуіне ыңғайлы экономикалық кеңістікті айтуға болады. Оның тиімділігі тек экономика құрылымдарына ғана емес, әлеуметтік салаға да, экологиялық ортаға да, мемлекеттің беделі мен бәсекеге қабілеттілігіне де ықпал етеді.

Экономикалық механизм – ол еліміздің

инновациялық әлеуетін дамытуға негіз болатын, оны жүзеге асыру белгілі-бір нәтижелі жетістікке жетуге ықпал ететін қаржылық, экономикалық, салықтық, несиелік және басқа да іс-әрекеттер мен тетіктердің жиынтығы. Дұрыс таңдала білген механизм ұлттық экономикамыздың ұзақ мерзімде инновациялық өркендеуі мен дүниежүзілік нарықта лайықты орын алуына ұтымды жағдай жасауы тиіс. Осы механизмнің маңызды және негізгі құрамдас бөлігі болып инфрақұрылымды дамытудың жағымды экономикалық ортасы саналады.

Индустриалды-инновациялық инфрақұрылымды дамытуға қажетті жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру осы ин-

фрақұрылымды құрайтын әрбір элементтің белсенділігі мен тиімділігін арттыру үшін қажет. Өйткені, салық, несие, мемлекеттік қаржыландыру сияқты тетіктерді қолданбай, экономикалық шараларды заңдық-құқықтық қамтамасыз етпей, мұндай құрылымнан жағымды нәтиже күту орынсыз.

Біз осы ғылыми зерттеу аясында индустриалды-инновациялық инфрақұрылымды дамытуда жағымды экономикалық органы қалыптастыру саясатының мазмұнын тарқата отырып, оның құраушыларын сипаттаймыз.

Ең алдымен, ол мемлекеттің индустриалды-инновациялық инфрақұрылым аясындағы нормативті-құқықтық актілері және олардың өміршеңдігі. Қабылданған заңдылық құжаттар жалпы инновациялық жүйе мен оның маңызды тармағы – индустриалды-инновациялық инфрақұрылымның элементтерін құруға қатысушы инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғай отырып, олардың қалыпты қызметі үшін мемлекеттік кепілдік, қолдау, капиталдың қайтарымдылығына қолғабыс жасау сияқты ұстанымдарды анық көрсетуі тиіс.

Бұл тұрғыда кейбір ғалымдар арнайы инновациялық кодексті қабылдаған дұрыс деп санайды. Онда негізгі түсініктерден бастап, инновациялар мен инновациялық инфрақұрылымға бағытталған шетелдік және отандық инвестицияларды ынталандыру шаралары, инновациялық жобаларды анықтаудың критерилері, шаруашылық субъектілерін инновациялық және инновациялық белсенді деп бөлу талаптары мен тәртіптері, мемлекеттік қолдау тетіктері мен басқа да жағдайлар белгіленуі керек [1].

Келесі бағыт – ол инновациялық үрдіске қатысушылардың барлығына бірдей жағдай жасау және оның тәртіптерін белгілеу. Бұл бағыттың негізгі ұстанымы индустриалды-инновациялық даму саясатының басымдықтарына сәйкес «қандай да болсын жеке сипаттағы жеңілдіктерден және преференциялардан бас тартуға» не-

гізделуі тиіс. Бірақ басты басымдық барлық әлеуетті, бәсекеге қабілетті, оның ішінде экономиканың шикізаттық емес бағытындағы салаларда жұмыс істейтін экспортқа бағдарланған өндірістерге берілуі керек. Олар, өз кезегінде, ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістерді дамыта отырып, қосылған құны жоғары өнімдерді шығаруға мүдделілік танытулары қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, индустриалды-инновациялық инфрақұрылымға қажетті жағымды экономикалық органы қалыптастыруда мемлекет жеке сектормен ынтымақтастық орната алады. Осындай ынтымақтастықтың неғұрлым ұтымды мысалдары Жапонияда, Швецияда, Түркияда және соңғы отыз жылда өздерінің инновациялық жүйелерінде ірі жетістіктерге жеткен басқа да елдерде бар.


Еуропа елдерінде мемлекет университеттерде жеке сектордың белсенділігін қолдайтын ғылыми-инновациялық инфрақұрылым элементтерін қалыптастырған. Бұл міндетке сай университеттер шағын және орта қалалардың қоғамдық жүйедегі өзіндік орнын қалыптастыратын ғылыми бастамаларын сараптап, оларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Автордың пікірінше, дәл осы әдіс Қазақстандағы шағын қалалардың мәселелерін шешуге жақсы үлгі бола алады.

Еуропадағы Швеция мемлекетінің көңіл аударатын өзіндік ерекше тәжірибесі бар. Ол елде мемлекет міндетті түрде ірі корпорациялардың жанынан ғылыми-ізденушілік құрылым қалыптастыру саясатын қолданады. Мұндай саясаттың нәтижесі ғылыми білімдердің тезірек коммерциализацияланып, корпорацияның осы бағыттағы жұмыстарын жандандыруға алып келеді. Себебі, әрбір корпорация өз жанынан құрылған ғылыми-ізденушілік құрылымды жеке қаражатынан қаржыландырады. Тиісінше, ол қаражаттың тез қайтуына және тиімділікпен қайтуына корпорация мүдделі [2].

Жапонияда жеке секторды Азияның басқа да елдерінің ғылыми-инновация

жүйесіндегі бәсекелестерінен қорғау амалдары кеңінен тараған. Ол үшін импортты шектеу, ұлттық валютаны күшейту тетіктері іске қосылады. Инновациялық инфрақұрылымға осындай жағымды орта қалыптастыра отырып, мемлекет экономиканың инновациялық жедел дамуын қамтамасыз ету бойынша негізгі салмақты инновациялық

инфрақұрылымның элементтері кеңінен шоғырланған аймақ – технополистерге салады. Бір ерекшелігі, Жапонияның технополистерінде жапон ұлтының дәстүрлері де, мәдениеті де, ұлттық құндылықтары да бірінші кезекке қойылады, яғни жапондық инновациялар елдің болмысымен тығыз байланысып жатыр [3].



Сурет. Индустриалды-инновациялық инфрақұрылымның жағымды экономикалық ортасының құраушылары*

*[2] ақпарат көзі бойынша автормен құрастырылған

Индустриалды-инновациялық инфрақұрылым аясында жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру саясатының келесі тармағы – өндіріс пен ғылым байланысының тиімділігін арттыру. Яғни ғылымның өндіріс үшін қажеттілігін қалыптастыру. Қазіргі кезде, өкінішке орай, ғылымның өндірістен өте қатты алшақтап кеткенін аңғарамыз. Енді осы олқылықтың орнын толтыру міндеті тұр. Бұл орайда, біздің пікірімізше, келесі тетіктерді іске қосқан жөн:

– арнайы ғылыми зерттеулер жүргізіп, оның нәтижелерін өндіріске енгізген кәсіпорындарға салық жеңілдіктерін беру. Мәселен, ғылыми қызметкерлердің еңбекақы қорын әлеуметтік салықтан босату. Бұл тетік кәсіпорындардың ғылыми кадрларына көңіл бөліп, оларды өндіріске тартуға ықпал етеді;

– мемлекет тарапынан әрбір ғылыми-зерттеу ұйымына нақты бір кәсіпорындармен байланыс жасауын міндеттеу. Бұл жердегі басты қағида – мемлекет байланыстың мұндай түрлерін қолдай отырып, оларға екі-үш жыл көлемінде гранттарды жеңіл алуға мүмкіндік жасау (кұжаттарды дайындауға көмектесу, ақпараттық қолдау көрсету және т.б.). Ал егер мұндай ғылыми-зерттеу орталығы мемлекеттің үмітін ақтамаса, оны ғылыми-зерттеу орталығы статусынан айыру;

– ғылыми кадрларды материалдық ынталандыру жүйесін қайта дайындау. Бүгінгі күні еліміздегі ғылыми кадрларды ынталандыру тетігі тиімсіз және инновациялық ортаның дамуына ықпал ете алмайды. Олай дейтініміз, қазіргі білікті жастар ғылыммен емес, бизнеспен айналысуға ынталы. Ал егер осы жастардың білікті де білімді құрамын ғылымға тарта біліп, олардың ақыл-ой жетістіктерін инновация саласына пайдалансақ, біздің ұтарымыз көп болар еді.

Бұл тетіктердің жүзеге асуына индустриалды-инновациялық инфрақұрылымның негізі элементтері барынша атсалысулары керек. Әзірше еліміздегі технопарктер мен технологиялық бизнес-инкубатор-

лардың қазіргі қызметі мен саясаты ғылыми ортаның қалыптасуына жағымды ықпал етіп отырған жоқ. Еліміздегі индустриалды-инновациялық инфрақұрылымның элементтері көбіне ғылыми жобалармен емес, дәстүрлі жобалармен айналысуда. Себебі, дәстүрлі жобаларды жүргізудің тәуекелі де төмен, шығындылығы да аз. Ал инновациялық жобаларды жүзеге асыру барысында кездесетін бірқатар кедергілер оларды бұл бағытқа бет бұрғызбай отыр. Олар: инновациялық жобалардың өмірлік кезеңінің қысқа болуы, тәуекелділіктің жоғары болуы, жобаның шын мәнінде нарықта сұранысқа ие болатынына күмәнділік және т.б.

Еліміздегі жоғары оқу орындары да инновациялық ортаға қажетті кадрларды дайындауға әлі де қауқарсыз болып отырғаны жасырын емес. Себебі, көптеген университеттерде білікті кадрларды дайындайтын сапалы профессорлық-оқытушылық құрам жасақталмаған. Білікті ғылыми кадрлардың білім жүйесінен бизнес жүйесіне ауысуы әлі де жалғасуда.

Индустриалды-инновациялық инфрақұрылымға қажетті жағымды ортаны қалыптастырудың тағы да бір тетігі – венчурлық бизнесті қолдау. Венчурлық бизнесті дамыту инновациялық қызметке жеке капиталдың тартылуына, олардың қаупін төмендетуге, инновациялардың коммерцияландыру саласында мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің өзара тиімді әсерлесу жүйесінің қалыптасуына көмектеседі.

Әлемде инновациялық инфрақұрылымға жағымды экономикалық орта қалыптастыру тәжірибесі қаншалықты көп болғанымен де, олардың ішінен Қазақстан экономикасы үшін ең қолайлысын, тиімдісін елдің ұлттық, экономикалық, ғылыми-техникалық ерекшеліктеріне қарай таңдаған жөн. Бұл шетелдік тәжірибені бірден көшіре салу емес, керісінше олардың инновацияны қолдау тетіктерін зерттеп, соның негізінде қазақстандық моделін қалыптастыру үшін қажет. Сонымен, инновациялық инфрақұрылымы

дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, назарға алатын бірнеше қағидаларды атап көрсетуге болады [4].

Ең алдымен, бұл инновациялық өсудің ұлттық моделін жасақтау, яғни мемлекет пен жеке бизнес арасындағы әріптестікті нығайту. Экономиканың инновациялық дамуын тек бюджеттік қаражаттармен қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ үкіметтен бөлінген қаражаттар инновациялық үрдістің негізгі катализаторы болып табылады. Оған мысал ретінде Израильдегі венчурлық индустрияның дамуын келтіруге болады. Израиль елінің үкіметі ұлттық венчурлық индустрияны дамыту үшін он шақты жеке инвестициялық қорлардың бастапқы капиталының 40% (100 млн долл.) қаржыландырылған. Осының нәтижесінде бес-алты жылдың ішінде активтері 100 млрд долл. құрайтын және жоғары технологиялық фирмалардың қарқынды өсуін ынталандыратын 100-ге жуық венчурлық инвестициялық компаниялар құрылған.

Екіншіден, инфрақұрылым элементтерінде жүзеге асатын инновациялық жобаларды мемлекет және жеке бизнес тарапынан екіжақты қаржыландыру, бірақ басқару мәселелерін бизнестің өз қолында қалдыру. Мемлекет тарапынан инновациялық қызметті реттеуге шектен тыс араласу әдетте ортақ бағдарламалардың сәтсіздігіне әкеледі. Қазақстандық ғылыми-зерттеу орталықтарында көптеген жобалар жинақталғанымен, олар тек әлеуетті байлық болып қана сақталуда. Себебі жинақталған білімдердің жүзеге асырылып, іске қосылып жатқандарын қолмен санап алуға да болады.

Үшіншіден, инновациялық бастамаларды мемлекеттік қолдаудың нақты тетіктерін анықтау. Мәселен, көптеген дамыған елдердің ғылыми-техникалық саясаты негізінен жанама реттеу әдістерімен жүргізіледі. Инновациялық инфрақұрылымның дамуын жанама реттеу тетіктері ондағы инвестициялық климаттың қолайлылығын қамтамасыз етуге, ғылыми-инновациялық жобалар тү-

ріндегі ұсыныстардың пайда болуын ынталандыруға бағытталған.

Төртіншіден, инновациялық инфрақұрылымның айналасына инновацияға бейімді шағын және орта бизнесті топтау. Әлемдік тәжірибеде мұндай қадам инновациялық органы дамытудың басты шарты ретінде саналады. Шағын және орта инновациялық фирмалар жетілген инновациялық инфрақұрылым элементтерінің жанына топтасып, инфрақұрылым ішінде қызмет жасап жатқан кәсіпорындар мен олардың жобаларына қажетті өнімдер шығаруға, жұмыстар орындауға негізделеді.

Индустриалды-инновациялық инфрақұрылымды дамытудың маңызды экономикалық құраушысы ретінде салық жеңілдіктерін енгізуді атауға болады. Көптеген елдер дәл осы салық жеңілдіктерін беру арқылы инновациялық инфрақұрылымның дамуын қамтамасыз ете алды. Әлемдік тәжірибеге сай, біздің елде де индустриалды-инновациялық инфрақұрылым шеңберінде салықтың келесідей жеңілдіктерін енгізген жөн деп санаймыз:

1. Инновациялық мақсаттарға салық несиесін беру, яғни инновациялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті қаражатты кәсіпорынның салық аударымдарынан белгілі бір кезеңге шегеру. Бұл қадам кәсіпорынға банктен немесе басқа да қаржы ұйымынан несиені алмай-ақ, арнайы гранттарға қатыспай-ақ кішігірім жобаларды орындауға мүмкіндік береді.

Салық несиесі көбіне жаңа құрал-жабдықтарды, технологияларды енгізу барысында қолданылады. Мәселен, Жапонияда несиенің көлемі енгізілетін құрал-жабдық құны 53% (электрондық техника мен жабдықтарға), Ұлыбританияда 50% (жаңа техникаларды, технологияларды енгізудің алғашқы жылы), Канадада 10-15% (кәсіпорынның орналасқан жеріне байланысты), Ирландияда 100% құрайды. АҚШ-та салық несиелері энергетикалық жабдықтарға ғана беріледі. Ресейде салық несиесі бір жылдан

бес жылға дейінгі мерзімде беріледі. Бірақ салық несиесінің мөлшері кәсіпорынның бір жылда мемлекетке төлейтін барлық салық мөлшерінің 60%-нан аспауы керек. Салық ставкасы Ресейдің Орталық банкі бекіткен пайыз мөлшерлемесінің 1/2 деңгейінен кем емес және 3/4 деңгейінен аспайтын мөлшерде қолданылады [5].

Әлемнің басқа да елдерінде салық несиесін берудің өзіндік тәртіптері бар, олар *көлемді және өспелі* болып бөлінеді. Көлемді несиелер ғылыми зерттеулер мен инновацияларға бөлінетін шығындардың өсуіне қарай ұлғайып отырады. Мәселен, Бельгия, Швеция, Италия елдерінде ғылыми зерттеулерге бөлінген шығындар 100% салық несиесі есебінен жабылады. Австралияда, Норвегияда, Австрияда, Малайзияда 75%-ға дейін жетеді. Өспелі несиелер есепті кезеңдегі ғылыми және инновациялық мақсаттағы шығындардың өткен кезеңмен салыстырғандағы өсу қарқынымен анықталады. Бұл несиелер шығындар орын алғаннан кейін ғана беріледі. Францияда жылына 5 млн франктен аспайтын шығын сомасына 50% несие берілсе, Жапония мен АҚШ-та ол шама 20%-ға тең. Бірақ аталған шығындар тек жаңа өнімдерді шығару мен жаңа технологиялық үрдістерді дайындауға ғана бағытталуы керек [6].

2. Инновациялық шығындардың өсіне қарай регрессивті түрде корпоративтік табыс салығын енгізу. Осы арқылы кәсіпорындарды инновациялық қызметтің көлемін арттыруға, жаңа өнімдерді зерттеуге ынталандыруға болады. Мұндай салық түрі Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Ұлыбританияда енгізілген. Жапонияда корпоративтік табыс салығы 10%-дық мөлшерге дейін төмендетілсе, Оңтүстік Кореяда ол шама 7%-ға дейін, ал Ұлыбританияда 1%-дық деңгейге жетеді.

3. Инновациялық жобаларды жүзеге асырып, одан пайда тапқан кәсіпорындарға «салық каникулдарын беру». Инновациялық жобалардың саны артқан сайын, еселі түрде

демалыс мерзімін де ұзартып отыру. Бұл әдіс АҚШ-та кең тараған. Салықтан босатылуға талпынған көптеген фирмалар инновациялық жобалармен айналысуға өздері қызығушылық танытып отырады;

4. Инновациялық кәсіпорындардың акцияларын иемденген жеке және заңды тұлғалардың дивидендтеріне жеңілдетілген жеке табыс салығын енгізу. Мұндай салық түрі Оңтүстік Корея мен Малайзия мемлекеттерінің тәжірибесінде бар. Осы жеңілдік арқылы инновациялармен айналысатын кәсіпорындарға акция шығару арқылы өз қызметтеріне қосымша капитал тартуға мүмкіндік жасалады. Жеке және заңды тұлғалар осындай кәсіпорындардың акционерлеріне жасалатын жеңілдікке қызығып, олардың құнды қағаздарына сұраныс білдіреді.

5. Ғылыми-инновациялық әзірлемелерді, интеллектуалдық меншікке кіретін материалдық емес активтерді қолдана отырып қызметін жүзеге асырған және ол қызметінен пайда тапқан заңды тұлғаларға тиісінше корпоративтік табыс салығын төмендету. Салықтың мұндай түрі ғылыми сыйымды өнімдерді көптеп өндіруге жағдай жасайды. Оның мысалдарын Жапония, АҚШ, Канада, Швеция сияқты мемлекеттерден алуға болады.

6. Инновациялық кәсіпорындардың салық салғанға дейінгі табысының бір бөлігін арнайы есепшоттарға салу, егер де кейіннен кәсіпорын бұл қаражатты инновациялық мақсаттарға жұмсаса, оған жеңілдетілген мөлшерде салық салу. Салықтың дәл осы түрі Финляндия мен Германияда қолданылады. Ол мемлекеттерде жеңілдетілген табыс салығының мөлшері 20%-дан 5%-ға дейінгі аралықта болады.

7. Инновациялық инфрақұрылым шеңберіндегі кәсіпорындарға жеделдетілген амортизация әдісін қолдану. Мәселен, Жапонияда жеделдетілген амортизация жүйесі энергияны үнемдейтін құрал-жабдықтарды қолданатын немесе ресурстарды тиімді пайдаланатын әрі қоршаған ортаға залалы

тимейтін жабдықтармен жұмыс жасайтын компанияларға енгізіледі. Оның мөлшері 10-нан 50%-ға дейін жетеді.

Ұлыбритания мен Германияда инновациялық қызметке пайдаланылатын техникалық құралдардың бастапқы құнының 40%-ын бірінші жылы қайтырып алуға рұқсат етілген. Ал Швецияда құрал-жабдықтың қызмет ету мерзімі үш жылдан аспаса, оның құнын алғашқы жылдың өзінде-ақ қайтаруға мүмкіндік бар.

Осы айтылғандардың барлығы еліміздегі индустриалды-инновациялық инфра-

құрылымды сапалық тұрғыда дамыту үшін оған жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру қажет екендігін көрсетті.

Қорыта айтқанда, индустриалды-инновациялық инфрақұрылымды дамытудың жағымды экономикалық ортасы әлемдік инновациялық ортаның жалпы жағдайына, қоғам мен ғылыми-техникалық прогрестің дамуына, адамзат мәдениеті мен ой-санасына, экология талаптарына, сонымен қатар еліміздің нақты мүмкіндіктері мен стратегиялық өркендеу бағыттарына сай жасақталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Степаненко Д.М. Инновационная деятельность в промышленности Республики Беларусь: состояние, механизмы активизации // Банки Казахстана. – 2017. – №9. – С. 38-44.
2. Габрусева К. Инновационный фактор модернизации экономики Швеции // Ресурсы. Информация. Снабжение. Конкуренция. – 2017. – №1. – С. 77-79.
3. Модели инновационного развития в мире // Экономика и управление в зарубежных странах. – 2018. – №9. – С. 13-17.
4. Әмірбекұлы Е., Үкібасова Ғ.С., Райымбеков Ж.С. Индустриалды-инновациялық инфрақұрылымды дамытудың жағымды экономикалық ортасы // ҚазҰУ хабаршысы. – Экономика сериясы. – 2018. – №3(125). – 153-297 бб.
5. Жанибекова Г.К. Налоговое регулирование инновационной деятельности // АльПари. – 2017. – №1. – С. 68-71.
6. Әмірбекұлы Е. Инновациялық инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі: Монография. – Астана: ҚазЭҚХСУ, 2018. – 189 б.

Аннотация

В статье исследованы вопросы формирования благоприятной экономической среды в целях развития индустриально-инновационной инфраструктуры. В качестве основных ее составляющих определены: законодательно-правовая поддержка экономических инициатив, создание равных условий участникам инновационного процесса, углубление государственно-частного партнерства в реализации инновационных проектов, внедрение инструментов стимулирования взаимосвязи науки и производства, стимулирование выявления негосударственных источников финансирования, предоставление налоговых льгот и каникул, поддержка и развитие венчурного бизнеса.

Автор статьи утверждает, что создание благоприятной экономической среды способствует созданию новых инновационно-диверсифицированных, а также развитию действующих элементов индустриально-инновационной инфраструктуры, в т.ч. технологических парков, технологических бизнес-инкубаторов, негосударственных инновационных фондов.

Annotation

The article explores the issues of creating a favorable economic environment in order to develop industrial-innovative infrastructure. The main components identified are: legislative and legal support for

economic initiatives, creation of equal conditions for participants in the innovation process, deepening public-private partnerships in the implementation of innovative projects, the introduction of tools to stimulate the relationship of science and production, stimulating the identification of non-state sources of financing, providing tax benefits and vacations, support and development of venture business.

The author of the article claims that the creation of a favorable economic environment contributes to the creation of new innovation-diversified, as well as the development of existing elements of the industrial-innovative infrastructure, including technology parks, technology business incubators, non-state innovation funds.



ӘОЖ 332.87
ҒТАМР 75.31.01

С.М. Егембердиева, э.ғ.д., профессор

А.Қ. Ғабдолкәрім, магистрант

Б.М. Сланбекова, магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
(мақала №АРО5134552 жобасы аясында орындалған)

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) бүгінгі күні муниципалдық экономиканың қазіргі заманғы жай-күйін айқындайтын қуатты фактор болып отыр және өзінің қызметімен ел экономикасына және оның халқының әл-ауқатына елеулі әсер ететін салалар мен кәсіпорындарды қамтитын экономикалық жүйе. Бұл шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларында экономикалық мақсаттылық пен әлеуметтік қажеттілік арасындағы теңгерімге қол жеткізу қиын, әсіресе нарықтық және әкімшілік тәсілдері қайшы келетін экономиканың өндірістік емес секторы болып табылады. Бұл сектор жұмысының тиімділігін арттыру үшін техникалық, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы үлкен міндеттер кешенін іске асыру талап етіледі. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты реформалау мен жаңғыртудың нарықтық ұйымдық-қаржылық тетіктерін құруға бағытталған тұрғын үй-коммуналдық саладағы қайта құру Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін инвестиция тарту мен кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қалыптастыру міндетімен тығыз байланысты.

JEL J54, K25, L85

Кілт сөздер: *тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, коммуналдық инфрақұрылым, тұрғын үйлер.*

Ключевые слова: *жилищно-коммунальное хозяйство, коммунальная инфраструктура, жилые дома.*

Keywords: *housing and communal services, communal infrastructure, residential buildings.*

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының қазіргі жай-күйі ре- сурстарды жоғалтудың деңгейі, негізгі құралдардың жоғары апаттылығы, техноло-

гиялық артта қалуы тән ТКШ басқаруда әлі шешілмеген сұрақтар мен мәселелердің бар екендігін куәландырады.

Құралдардың тиімділігінің төмен коэффициенті, коммуникацияның, тұрғын-үй қорының және әлеуметтік инфрақұрылымдардың 60-70%-ның ескіруі саланың ойдағыдай жұмыс жасауына кедергі келтіруде. Қалыптасқан жағдайда оны қаржыландырудың әртүрлі механизмдері ұсынылатын тұрғын-үй-коммуналдық кешенді жедел жаңарту талап етіледі. Көптеген сандық есептеулер барлық деңгейдегі бюджет құралдары есебінен, соның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен саланы жаңартуды жүзеге асыру мүмкін еместігін көрсетті. Осыған байланысты батыстың әр түрлі инвестициялық институттарының құралдарын тарту жоспарлануда. Дегенмен тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылықтағы батыс инвестициялары маңызды оң фактор болғанымен, өзіміздің де инвестициялық мүмкіндіктерімізді іздестіруіміз қажет. Инвестициялау тұрғысынан тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылықты реформалау мен дамытудың басқа да бағыттары неғұрлым қызығушылық тудыруы мүмкін, дегенмен кіріс алу перспективасы мен көздерінің айқын болмауы, жергілікті жерлерде құқықтық базаның дайын еместігі салаға инвестордың келуіне сенімсіздік туғызады.

Әлеуметтік саланы бүтіндей, соның ішінде тұрғын-үй-коммуналдық саласын аймақтық дамытуды мемлекеттік реттеу мәселесін зерттеу мен талдауға А.А. Алимбаевтың, Б.А. Ахметжановтың, У.Б. Баймұратовтың, А.Е. Есентүгеловтің, Р.К. Жоламанның ғылыми-практикалық зерттеулері арналған.

Әдеби қайнар көздер, соның ішінде соңғы жылдардың ғылыми зерттеулеріне жүргізілген талдау өмірлік қызметтің әртүрлі салаларында халықты әлеуметтік қолдау мен әлеуметтік кепілдемелер мәселелеріне басты назар аударылып отырғандығын көрсетеді. Сонымен қатар тұрғын-үй-комму-

налдық саладағы қазіргі кезеңдегі оны модернизациялауда әлеуметтік қорғау стратегиясы өңделмеген және бағыттары анықталмаған. Жаңа технологияларды білудің жеткіліксіздігі, тұрғын-үй-коммуналдық саланы басқару мен жоспарлаудағы, әсіресе тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылықтары кәсіпорындарын бақылаудағы төмен деңгей аталған саланы неғұрлым артта қалған және шығынды сала қатарына қосады.

Тұрғын үй қорының жай-күйі халықтың тұрмыс деңгейін анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Тұрғын үй қоры – бұл Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мемлекеттік және жеке меншік түріндегі барлық тұрғын үйлер. 2016 ж. Қазақстанның тұрғын үй қорының жалпы ауданы 342,6 млн шаршы метрді (м²) құрайды, оның ішінде қалалық тұрғын үй қоры – 216,1 млн шаршы метр. Ол ауылдық жердегі тұрғын үй алаңынан 1,7 есе артық. Қалалық тұрғын үй қорының өсімі 2005 ж. бастап 38,79% құрады, қала халқының тұрғын үймен қамтамасыз етілуі ауылдық жерлерден жоғары (тиісінше 23,5 шаршы м/адам және 17,8 шаршы м/адам). Егер тұрғын үй қорының техникалық жай-күйі туралы айтатын болсақ, 2016 ж. соңында тұрғын үй-жай алаңы 1590,7 мың шаршы метр болатын 3606 тұрғын үй ғимараты апаттық жағдайда болған. Апаттық ғимараттардың көп бөлігін қалалар құрайды – 2621 ғимарат немесе олардың жалпы санының 72,68%, алаңы 1495,8 мың шаршы метр немесе апаттық тұрғын үйдің жалпы ауданының 94% [1, 2]. ТКШ жаңғырту бағдарламасын іске асыру жылдары Қазақстан бойынша 2,3 мыңнан астам тұрғын үй жөнделді. Сондай-ақ осы бағдарламаға сәйкес бұрын жөнделген тұрғын үй иелерінің қайтарымды қаражаты есебінен жөндеу жұмыстары жүргізілуде (қазіргі уақытта ел бойынша 340-қа жуық үй жөнделді). Алайда ТКШ жаңғырту бағдарламасын іске асыру қазіргі уақытта нашар жұмыс істейтін сияқты сынға ұшырап отыр. Тұрғындар өз қаржы ресурстары есебінен

үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге дайын емес [3].

Республика бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 11,4 мың км құрайды, оның 32,6% немесе 3,8 мың км коммуналдық меншікте, 67,4% немесе 7,9 мың км жеке меншікте. Ауыстыруға жататын жылу желілерінің үлесі 2011 ж. 26,5%-дан 2015 ж. 31,1%-ға дейін артты [1, 2].

Жылумен жабдықтау жүйесі есептеу құралдарымен қамтамасыз етудің өте төменгі деңгейімен сипатталады. Сарапшылардың бағалауы бойынша оларға жалпы қажеттілік 45,8 мың бірлікті құрайды, 23,3 мың бірлік есептеу құралы орнатылған. Тиісті деңгейде есепке алу болмағандықтан, жылу энергиясының нақты шығындары мен тұтыну деңгейін анықтау мүмкін емес.

Шамамен жылу энергиясының 30%-ын қуаты 100 Г кал/сағ. кем шағын қазандықтар өндіреді. Осы жылу көздері шамамен 60% пайдалы әсер ету коэффициентімен және отынның жоғарғы үлестік шығыстарымен сипатталады, бұл жылына шартты отынның 645 300 тоннасын немесе 1,75 млрд теңгені артығымен жұмсауға, сондай-ақ қоршаған ортаға қосымша зиянды заттар шығаруға алып келеді.

Электр желілерінің жалпы ұзындығы 133,6 мың км құрайды, оның ішінде 97,5 мың км жөндеуді қажет етеді (73%). Бұдан басқа, 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станциялар, электр беру желілері, үйдің ішіндегі таратушы қондырғылар мен желілер жөндеуді талап етеді [1, 2].

Қалалық тұрғын үй қорының 15,7% едендік электр плиталарымен қамтамасыз

етілді. 2011-2016 жж. электр энергиясының технологиялық ысырабы 6,8%-дан 5,1%-ға дейін төмендеді.

Электрмен жабдықтау саласында есептеу құралдарымен қамтамасыз ету деңгейі коммуналдық шаруашылықтың басқа салаларымен салыстырғанда мейлінше жоғары – 88,5%.

Жұмыс істеп тұрған электр жабдықтауының (трансформаторлық қосалқы станциялардың, үйдің ішіндегі тарату құрылғыларының, желілердің) технологиялық артта қалуы, сондай-ақ олардың энергетикалық тиімділігінің төмен болуы электр энергиясының техникалық және коммерциялық ысырабына себеп болып табылады, бұл жаңа технологияларды (энергетикалық тиімді жабдықтау, аспалы оқшауланған сымды, ресурстар мен энергияны есепке алатын автоматтандырылған жүйелерді) жеткілікті қолданбаудың салдары болып табылады.

Республика бойынша 2012-2016 жж. газ желілерінің ұзындығы 21,52 мың км-ден 26,27 мың км-ге дейін артты, соның 33,7% (9,2 мың км) коммуналдық меншікте, 66,3% (18,1 км) жеке меншікте. Пайдалануға 10,09 мың км берілді. 2015 ж. жөндеуді қажет ететін көше газ желісінің үлесі 2,1% құрады. 2012 ж. бұл көрсеткіш 0,6% құрады [1, 2].

Газ бөлу жүйелерінің қызметін инспекциялау жүйесі жолға қойылмаған және газ бөлу қондырғыларына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізілмейді.

Қазақстандағы қалалық ТКШ саласының қазіргі жай-күйіне талдау жасау 1, 2-кестелерде көрсетілген бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

1-кесте

Қазақстанның қалалық ТКШ дамуының негізгі мәселелері*

Рет. №	Салалар	Мәселелері
1	2	3
1.	Энергиямен жабдықтау	Жабдықтау тоқтап тұруы, жылу және электр энергиясының генерациясы, электр және жылу энергиясын генерациялауды басқару процесін бақылаудың әлсіз деңгейі, жүктемені

1	2	3
		болжаудың әлсіз деңгейі, жылуды беру процесін жеткіліксіз автоматтандыру, жылу желілерін диагностикалаудың әлсіз деңгейі, жылу оқшаулаудың қанағаттанарлықсыз деңгейі
2.	Сумен жабдықтау	Тарату кезіндегі су шығыны, сумен жабдықтау желілерінің тез тозуы, жедел жөндеудің нашар ұйымдастырылуы
3.	Көше-жол желісін тазалау	Жинау процесін жоспарлау өткен жылдардың тәжірибесі негізінде қолмен жүзеге асырылады, мамандандырылған техниканың жұмыс сапасын бақылаудың болмауы
4.	Сыртқы жарықтандыру	Электр энергиясын ұтымсыз пайдалану, электр энергетикалық жарықтандыру желілерінің тозуы, көше жарығының ақауларын визуалды шолып іздеу
5.	Коммуналдық есеп	Төлемеудің өсуі, теріс пиғылды есептеулер, биллинг жүйелерінің тиімсіздігі, көп пәтерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсететін ұйымдар мен коммуналдық қызметтер жүйелері арасында интеграцияның болмауы

*Кесте авторлармен құрастырылған

Коммуналдық инфрақұрылымдағы негізгі мәселелер:

- инженерлік желілер мен құрылғылардың қатты тозуы;
- ресурстарды тұтынуды есептеу құралдарымен қамтамасыз етудің төмен деңгейде болуы;
- саланың технологиялық жағынан

артта қалуы, оның ішінде инновациялық энергия және ресурс үнемдеу технологиялары мен іс-шараларын қолдану практикасының әлсіз болуы;

- желілер мен құрылғыларды қайта жаңарту жөніндегі жобаларды бюджеттен тыс көздерден қаржыландыру көлемінің жеткіліксіз болуы.

2-кесте

ТКШ ағымдағы жағдайының күшті және әлсіз жақтарын талдау*

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Қауіптер (тәуекелдер)	Мүмкіндіктер
1	2	3	4
Республика халқының тұрғын үймен қамтамасыз етілудің жоғары деңгейі	Көппәтерлі тұрғын үйлерді тиісті күтіп ұстау мен пайдалануға бақылау әлсіз	Көппәтерлі тұрғын үйлердің қатты тозуы	Көппәтерлі тұрғын үйлерді жөндеу жөнінде іс-шаралар жүргізу
Коммуналдық желілер мен объектілер жүйесін дамыту	Инженерлік желілер мен объектілердің қатты тозуы	Коммуналдық желілер мен объектілердегі апатты жағдайдың және ысыраптың одан әрі өсуі	Инженерлік желілер мен объектілерге жаңғырту және қайта жаңарту жүргізу
ТКШ саласын шикізат базасымен қамтамасыз етуді дамыту	Қолда бар ресурстарды ұтымсыз пайдалану, ысыраптың жоғары деңгейі	Халық үшін тарифтердің артуы	Энергия және ресурс үнемдейтін іс-шаралар жүргізу
Мемлекет тарапынан ТКШ саласын қолдау	Тиімді және дәл жоспарлаудың болмауы	ТКШ саласындағы бағдарламалар бойынша республикалық бюджетті севкестрлеу	ТКШ саласын қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу

1	2	3	4
Электрмен жабдық-тауда сараланған тарифтерді қолдану практикасының болуы	5 және одан көп жылдарға ұзақ мерзімді тарифтердің болмауы	Реттелмеген тарифтер нәтижесінде ТКШ саласының бәсекеге қабілетінің төмендеуі	ТКШ-тің басқа салаларында ұзақ мерзімді және сараланған тарифтерді қолдану мүмкіндігі
ТКШ саласы үшін тауарлар өндіретін отандық кәсіпорындардың болуы	ТКШ саласының бәсекеге қабілетінің төменгі деңгейі, әлсіз материалдық-техникалық база, қажетті технологиялар трансфертінің болмауы	Технологияларды практикада қолдану мүмкін еместігінің ықтималдығы	Ғылыми зерттеулер жүргізу және конструкторлық әзірлемелер, ТКШ саласында инновациялық технологиялар трансферті, отандық өндірісті ынталандыру жөніндегі шетелдік тәжірибені пайдалану
Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тетігінің болуы	Кондоминиум объектілерін күрделі жөндеуге тұрғын үй көмегін көрсету тетігінің болмауы	Қаржыландырмау	Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуге тұрғын үй көмегін бөлу

*Кесте авторлармен құрастырылған

Бүгінгі күні көппәтерлі тұрғын үй қорын басқару және күтіп ұстау саласы негізінен пәтер меншік иелерінің кооперативтері (бұдан әрі – ПИК) қызметімен қамтамасыз етіледі, олар бір мезгілде жөндеу жұмыстары мен қызметтерінің тапсырыс беруші және мердігер бола алады, нарықта «монополиялық» жағдайға ие және кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеу бойынша сапалы қызмет көрсетуге тырыспайды.

Көп пәтерлі тұрғын үйлердің негізгі мәселелері:

- тұрғын үй иелерінің кондоминиум объектісін басқаруда белсенділігінің төмен болуы;

- кондоминиум объектілерін басқару органдарының қызметіне пәтер иелерінің қанағаттанбауы;

- басқару органдарының қызметінде кондоминиум объектісін басқару және күтіп ұстау функцияларын шоғырландыру;

- үйге ортақ мүлікті күрделі жөндеуге ақшалай қаражат жинақтау тәжірибесінің әлсіз болуы;

- кондоминиум объектілерін басқару

органдарына ортақ мүлікті күрделі жөндеуге қолжетімді кредит беру тетіктерінің болмауы;

- кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп ұстау жөніндегі қызметтерге төлемдерді жинау деңгейінің төмен болуы;

- тұрғын үй көмегін көрсету тетігін пайдаланудың жеткіліксіз деңгейі;

- энергия ресурстарын тұтыну деңгейінің жоғары болуы.

Қазақстан Республикасы ТКШ жаңғырту және елдің тұрғын үй кешенінің инфрақұрылымын дамыту мақсатында инвестициялар тартудың жаңа тетіктерін енгізу, ТКШ басқарудың инновациялық технологиялары мен озық әдістерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде [3].

Жеке капиталды тарту үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің (МЖӘ) әр түрлі нысандарын пайдалануға болады, ол инфрақұрылымды, оның ішінде әлеуметтік саланы дамытудың негізгі тетігі болуға тиіс. ТКШ объектілерін жаңғырту үшін кейіннен жекешелендірілуі мүмкін сенімгерлік басқаруға

немесе концессияға беру нұсқалары қарастырылады. Бүгінгі таңда Қазақстанда ТКШ жаңғыртуды қаржыландыру тетігі екі бағыт бойынша жүргізілуде: мемлекеттік және жеке. Ұлттық экономика салаларында МЖӘ моделін іске асырудың құқықтық аспектілері шешілді: ҚР «Концессиялар туралы», «Мемлекеттік-жеке әріптестік туралы» заңдары қабылданды. Қазақстанда жасалған жағдайлар мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін енгізуге жағымды әсер етеді және ТКШ саласында іске асырылып жатқан жобалардың әлеуметтік тиімділігін арттырады.

Тұрғын-үй-коммуналдық саланы жаңарту мақсатына мақсатты қаржыландыру мен бюджеттік баптардың сәйкес келу жағдайында тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылықтың ағымдық қызметін және дамуын қаржыландыруға жергілікті бюджеттен қарастырылған қаражаттардың бір бөлігі қайта бөлінуі мүмкін. Бұдан басқа, бюджет қаражаттары жылу маусымына дайындыққа, тұрғын-үй қорын күрделі жөндеуге, сонымен қатар саланың негізгі қорларының қайта жарактануына пайдаланылуы мүмкін.

Тұрғын-үй-коммуналдық саланы қаржыландыруды талдау саланың негізгі қорларын жаңарту және қайта жарактандыру бойынша шараларға бюджеттік қаражаттардың 25%-на дейін қайта бөлулер жасауға болатынын көрсетті. Бұл кезде толықтай тұрғын-үй коммуналдық сала және бюджет құралдарын пайдалану тиімділігі мәнді түрде артады, сонымен қатар қызмет құны мен сәйкес тарифтер төмендейді. Саланы бюджеттік қаржыландырудың қалыптасқан құрылымы инвестициялардың артықшылықтарын (өмірлік қамтамасыз етуден басқа) қарастырмайтын, жаңа технологияларға ба-

ғытталмайтын жеткілікті төмен деңгейде тұрғанын атап өткеніміз жөн.

Қалалық ТКШ жаңғырту жағдайында озық инновациялық технологияларды тұрақты әзірлеу және енгізу саясатын іске қосу қажет. Өзекті бағыттардың бірі жылуы тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдары мен қоршау конструкцияларын, оларды өндіруге арналған прогрессивті технологиялар мен жабдықтардың жаңа түрлерін әзірлеу және енгізу болып табылады. Басқа басым бағыт жылу мен электр энергиясын өндірудің қазіргі заманғы технологияларын әзірлеу, оларды тасымалдау, қазіргі заманғы ақпараттық және автоматтандырылған жүйелермен басқарылатын жаңа энергия қондырғылары негізінде бөлу мен пайдалану болуы тиіс.

Жер асты инфрақұрылымының қазіргі жай-күйі үлкен ұзындықпен және едәуір тозу деңгейімен, сондай-ақ желілердегі үлкен үлес шығындарымен сипатталады. Инженерлік жүйелердің орнықтылығы мен сенімділігін арттыру үшін жер асты құбырларын, коммуникацияларын пассивті және кешенді белсенді қорғаудың қазіргі заманғы үнемді әдістері мен құралдарын әзірлеу жөніндегі жобалық жұмыстар қажет.

ТКШ-дағы тарифтік саясатты жетілдіруге бағытталатын ғылыми зерттеулердегі экономикалық басымдықтарды айқындау қажет. Тарифтердің қолданыстағы құрылымы, бірінші кезекте, коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерін қайта құрылымдауды қажет етеді, өйткені оның сәйкес келмеуі – коммуналдық қызметтер саласының нарық пен баға белгілеудің объективті заңдары бойынша әрекет ететін салаға көшуіне кедергі келтіретін маңызды себептердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Национальные обзоры Жилищного хозяйства Республики Казахстан. – Нью-Йорк, Женева, 2018. – 155 с.
2. Официальная статистическая информация (по отраслям). <http://www.stat.gov.kz>

3. Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жж. арналған бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 473 Қаулысы. <http://online.zakon.kz>.

Аннотация

Жилищно-коммунальное хозяйство (ЖКХ) сегодня становится мощным фактором, определяющим современное состояние муниципальной экономики, и представляет собой экономическую систему, включающую в себя отрасли и предприятия, оказывающие своим функционированием существенное влияние на экономику страны и благосостояние ее населения. Это непродуктивный сектор экономики, где в рыночных условиях хозяйствования сложно достичь баланса между экономической целесообразностью и социальной необходимостью, и особенно остро вступают в противоречие рыночные и административные подходы. Для повышения эффективности работы этого сектора требуется реализация огромного комплекса задач технического, экономического и социального характера. Преобразования в жилищно-коммунальной сфере, направленные на создание рыночных организационно-финансовых механизмов реформирования и модернизации ЖКХ, тесным образом связаны с приоритетной для социально-экономического развития Казахстана задачей привлечения инвестиций и развития предпринимательства, формирования государственно-частного партнерства.

Annotation

Housing and communal services (HCS) today is a powerful factor that determines the current state of the municipal economy and is an economic system that includes industries and enterprises that have a significant impact on the country's economy and the welfare of its population. This is a non-productive sector of the economy, where in market conditions it is difficult to achieve a balance between economic feasibility and social need, and especially in conflict with market and administrative approaches. In order to improve the efficiency of this sector, a huge range of technical, economic and social tasks are required. Reforms in the housing and communal services sector, aimed at creating market organizational and financial mechanisms for reforming and modernizing housing and communal services, are closely linked to the priority for the socio-economic development of Kazakhstan, the task of attracting investment and business development, the formation of public-private partnership.



УДК 334. (574)
ГРНТИ 06.56.31

А.Н. Токсанова, д.э.н., профессор

Д.С. Тасбулатова, докторант

КазУЭФМТ

СТИМУЛИРОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ ОБРАБАТЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В данной статье рассматриваются вопросы стимулирования предприятий обрабатывающей промышленности Республики Казахстан, приводится анализ отраслевой струк-

туры предприятий, который показал в них низкую долю обрабатывающих предприятий; приведены институты государственной и негосударственной поддержки предприятий обрабатывающей промышленности. В статье сделаны выводы, что большая часть мер стимулирования носит краткосрочный характер и связана большей частью с финансовыми и информационно-образовательными направлениями.

JEL N6, O25, O31

Ключевые слова: предприятия, обрабатывающая промышленность, институты поддержки, бизнес-ассоциации, дорожная карта бизнеса, программы поддержки, стимулирование, государство, частный бизнес.

Кілт сөздер: кәсіпорындар, өндеу өнеркәсібі, қолдау институттары, бизнес-ассоциациялар, бизнестің жол картасы, қолдау бағдарламалары, ынталандыру, мемлекет, жеке бизнес.

Keywords: enterprises, manufacturing, support institutions, business associations, business roadmap, support programs, incentives, government, private business.

За годы независимости в Казахстане сформированы рыночные институты и механизмы, соответствующая инфраструктура, что позволило модернизировать национальную экономику, добиться успехов во многих сферах и направлениях. Вместе с тем обострился ряд диспропорций в социаль-

но-экономическом развитии, одной из которых является проблема развития обрабатывающей промышленности.

Государственная поддержка предпринимательства и увеличение кредитования являются важным фактором стимулирования деловой активности МСП (рис. 1).




Рисунок 1. Количество активных субъектов МСБ в РК (тыс. ед.)*

*Примечание – источник [1]

Как видно из рисунка, наибольшая численность активных субъектов МСБ пришла именно на 2015 г., когда усилилась государственная поддержка. Снижение численности субъектов МСБ может быть связано как с недостаточной эффектив-

ностью исполнения государственной политики, так и с естественным оттоком желающих из-за возросшей конкуренции.

Что касается отраслевой структуры МСБ, то большая часть действующих субъектов МСБ сосредоточена в трех секторах: в тор-

говле и ремонте, сельском хозяйстве и прочих услугах (рис. 2). На них приходится 67% действующих субъектов МСБ в РК в 2017 г. В то же время на промышленность приходится 3,6% от общего количества МСБ, что очевидно недостаточно для того, чтобы экономика могла активно развиваться через этот сектор экономики.

Политика государства ориентирована на стимулирование развития производств более высокой добавленной стоимостью, формирование вспомогательного, обслуживающего и перерабатывающего блоков малых и средних предприятий через аутсорсинг и усиление местной составляющей в крупных проектах, а также на создание

кластеров за счет объединения усилий обслуживающих и вспомогательных предприятий МСП вокруг крупных системообразующих компаний [2].

Только за последние годы сокращено около 350 различных подвидов лицензируемой деятельности. Выдача некоторых лицензий передана на региональный уровень, а сами процедуры значительно упрощены. Ставки корпоративного и индивидуального подоходного налога в Казахстане считаются низкими по международным стандартам. Для сравнения, ставка налога на прибыль в Индии составляет 30%, Бразилии – 25 и Китае – 20%. В Казахстане ставка корпоративного подоходного налога 10%.




Рисунок 2. Отраслевая структура действующих субъектов МСБ в РК в 2017 г. (тыс. ед.)*

*Примечание – источник [1]

Государственная программа индустриально-инновационного развития РК на 2015-2019 гг. (ГПИИР), целью которой является стимулирование конкурентоспособности обрабатывающей промышленности через повышение производительности труда и увеличение объемов экспорта обработанных товаров, также учитывает необходимость стимулирования предпринимательской деятельности. Так, одной из задач программы является «обеспечение

условий для появления высокоэффективного индустриального предпринимательства, ориентированного на экспорт и (или) постоянное повышение производительности своего труда» [3]. Выполнение этих задач предполагается отслеживать через два основных показателя:

- количество созданных экспортных казахстанских брендов;
- количество предприятий, получивших государственную поддержку, направ-

ленную на повышение производительности труда субъектов индустриально-инновационной деятельности.

Меры стимулирования и поддержки в рамках ГПИИР поделены на три уровня

(таблица 1).

Меры на каждом последующем уровне дополняют меры на предыдущем, таким образом, формируя собственный план стимулирования вплоть до отдельных проектов.

Таблица 1

Уровни поддержки и стимулирования субъектов обрабатывающей промышленности в рамках ГПИИР 2015-2019 гг.*

Уровень	Направление	Меры
Первый	Увеличение производительности труда	Стимулирование повышения производительности труда
	Освоение новых рынков готовой продукции	Субсидирование займов Сервисные и информационно-аналитические услуги Реализация «ДКБ «2020»
Второй	Целевая секторальная поддержка	Предоставление финансовых преференций Финансирование оборотных средств МСБ и крупного бизнеса Субсидирование ставки вознаграждения по кредитам и лизинговым сделкам Организация льготного кредитования
Третий	Поддержка отдельных проектов с максимальным экспортным потенциалом	Инвестирование в уставной капитал Предоставление гарантийных обязательств и поручительств по займам Хеджирование валютных рисков по займам

*Примечание – источник [3]

С целью поддержки бизнеса в стране, Правительством РК реализуется Программа «Дорожная карта бизнеса-2020». Единая программа является одним из механизмов реализации государственной и инновационной программы развития Республики Казахстан на 2015-2019 гг. и реализует инструменты государственной поддержки в рамках субсидий на процентные ставки по кредитам и лизингу и представления гарантий по кредитам. Кроме того, она направлена на оздоровление субъектов МСП и на снижение валютных рисков предпринимательства.

В приоритетах при субсидировании субъектов МСБ и гарантирования их займов в рамках этой программы наибольшую долю занимают отрасли обрабатывающей промышленности: легкая промышленность, металлургия, машиностроение, нефтеперера-

ботка, производство продуктов питания и строительных материалов [4].

В рамках Единой программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса-2020» по итогам 2017 г. поддержкой было охвачено свыше 192 тыс. предпринимателей и населения с предпринимательской инициативой, что на 10% больше по сравнению с 2016 г.

